

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
БІЛІМ БОЛІМІНІҢ «БАЛБӨБЕК»
БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «БАЛБӨБЕК» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ КУРМАНГАЗИНСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

01-09/65

ПРИКАЗ

060400, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
Құрманғазы ауылы, Гизат Әліпов көшесі, 55 үй
«09» желтоқсан 2024 ж.

060400, Атырауская область, Курмангазинский район
село Курмангазы, улица Гизат Алипов, дом 55
«09» декабрь 2024 г.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19
қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидаларының 2,4,6 тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

I. Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы Білім
бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы КМҚК 2024 жылдың I-ші
қантарымен 31 желтоқсан айлары аралығына сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

II. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар
бойынша жүзеге асырылсын:

1) Қызметті қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін анықтау.

III. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрамда сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы құрылсын.

IV. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобының
құрамы:

1) Балабақша әдіскері: Тлепова Б.К.;

2) Балабақша психологы: Оралбекова Қ.А.;

3) Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Даулетова Ж.А.;

4) Балабақша шаруашылық меңгерушісі: Жұмарыстанов Н.Е.;

5) Балабақша медбикесі: Кабулова Н.Ж.;

6) Балабақша тәрбиешісі: Асылбекқызы А.

V. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу және
жұмыстың нәтижесіне басшылық жасау, үйлестіру және жауаптылық жұмыс
тобының жетекшісіне жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:



Абдуллина Ж.Ш.

**КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жөнінде
кесте.**

№	Мемлекеттік орган, ұйым, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің атауы	Талдау жүргізі мерзімі	Ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді туралы қысқаша мәлімет	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған шаралар
	КМҚК «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы	2024 жылдың 3 қаңтар 29 қараша аралығы	Ішкі талдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына» сәйкес жүргізілді. Есептік кезеңде балабақша әкімшілігі нормативтік құқықтық сипаттағы және әкімшілік шаруашылық, жедел және дербес сипаттағы мәселелер бойынша 75 бұйрық шығарылған. Аталған актілерге талдау нәтижесінде жемқорлық тәуекелдеріне қатысты кемшіліктер анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу Балабақша қызметіне қажетті тауар, жұмыс пен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы айқын жіне ашық электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандайда бір байланысқа түсуге мүмкіндіктің болмауына байланысты, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді.	Балабақша бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты кемшіліктер болған жоқ

Балабақша меңгерушісі:



Абдуллина Ж.Ш.

**«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРМАНҒАЗЫ
АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУЫ БОЙЫНША
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

I. Кіріспе

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) балабақша меңгерушісі басқаратын өз құзіреті шегінде «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асыратын жергілікті атқарушы мемлекеттік мекеме.

Балабақшада қызметкерлер саны – 72 қызметкер. Оның ішінде: педагог саны – 36; техникалық қызметкерлер саны – 36.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны. Мекен-жайы мен байланыс мәліметтері: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Ғизат Әліпов көшесі, 55. Тел: 8(71233)2-40-51. Balbobek2015@mail.ru.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:

Басталды: 11 желтоқсан 2024 жыл, аяқталды: 15 желтоқсан 2024 жыл.

4. Бақыланатын кезең: 2024 жылдың 8 қаңтары мен 2024 жылдың 7 желтоқсан аралығы.

II. Ақпараттық – талдамалық бөлім

КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылады:

1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазым болған жоқ.

2) Мүдделер қақтығысы жоқ.

2024 жылдың 11 ай бойынша тәртіптік тәжірибені талдай отырып, мектепке дейінгі ұйымда тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер жоқ.

Балабақшада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіміне сәйкес, 2024 жылғы 11 ай ішінде мемлекеттік қызмет түрінен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мерзімдерін бұзу фактісі анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде дәлізде ақпараттық стенд жасақталып, жыл ішінде жаңартылып отырады.

Балабақшадағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптардың қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктерді үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Бақылау-тексерулер кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алған жоқ.

Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі.

Балабақшада мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Мүлікті пайдаланудың бақылауын күшейту бойынша: балабақшада мүліктерге және тауарды материалдық құндылықтарға түгендеу жылма-жыл қараша айында өткізіліп, желтоқсан айында қорытындысы жинақталып отырады.

Қаржылық құжаттарды рәсімдеу кезінде электронды цифрлық қолтаңбаны басшының өзімен қол қою (өзге тұлғаларға бермеу) мәселесі қатаң сақталады.

Бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Портал арқылы конкурс тәсілімен шарт жасақталып, тауарлар алынып, құқық бұзушылық болған жоқ.

Балабақша ғимаратында ата-аналар және балабақша қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған «Сенім жәшігі» орнатылған.

Балабақшада ақша жинауды болдырмау, мерекелерде педагогтерге сыйлыққа ата-аналардан, балалардан ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып отыр. Ата-аналар мен қызметкерлер арасында «Сыбайлас жемқорлық туралы не білесіз?» тақырыбында анонимды сауалнама жүргізіліп, қортындыланды. «Жемқорлық - саяси әлеуметтік қиын құбылыс» тақырыбында балабақша қызметкерлерімен жиналыс өткізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша «Жемқорлық - індет, жою - міндет» тақырыбында балабақша ата-аналарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

III. Қорытынды:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қортындысы бойынша ұсынылды:

1) Балабақша қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңдарының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Жұмыс тобының мүшелері:

Балабақша әдіскері:  Тлепова Б.К.;

Балабақша психологы:  Оралбекова К.А.;

Кәсіподақ комитетінің төрайымы:  Даулетова Ж.А.;

Балабақша шаруашылық меңгерушісі:  Жұмарыстанов Н.Е.;

Балабақша медбикесі:  Кабдулова Н.Ж.;

Балабақша тәрбиешісі:  Асылбекқызы А.

Балабақша меңгерушісі: 

Абдуллина Ж.Ш.

